



«Алиноур» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс
жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту, талқылау. 2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау, қамқоршылық кеңес ережесімен таныстыру. 3. Балабақша қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін бюджеттік емес қаржыларды тарту туралы. 4. Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес, көп балалы отбасыларын анықтап, жұмыстар жүргізу 5. 2025-2026 оқу жылының қыс кезеңіндегі жұмысқа дайындық барысы.	Қыркүйек	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
2	1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмек беруді ұйымдастыру. 2. Балабақшада ертеңгіліктерді өткізуге, қайырымдылық шараларға, атаулы мерекелерді ұйымдастыруға көмек беру. 3. Балабақшаның жер учаскелеріне көшеттерді отырғызу, алаңды абаттандыру жұмыстарына жәрдемдесу.	Желтоқсан	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, медбике
3	1. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру. 2. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы (топтарды жөндеу, сырлау, безендіру) 3. 2025-2026 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындыларын шығару.	Мамыр	Меңгеруші, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №1 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 12.09.2025 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау, Қамқоршылық кеңесі туралы ережемен таныстыру.
3. Балабақша қызметін қамтамасыз ету және дамыту үшін бюджеттік емес қаржы көздерін тарту мәселесі.
4. Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес және көпбалалы отбасыларды анықтау және олармен жүргізілетін жұмыстар.
5. 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіне дайындық жұмыстарының барысы.

I. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырып, кеңес мүшелерінің қарауына ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің қызметі ата-аналар қауымымен тиімді ынтымақтастық орнатуға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға және бөбекжайдың дамуына қоғамдық қолдау көрсетуге бағытталатынын атап өтті. Жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттары талқыланып, кеңес мүшелерінің ұсыныстары ескерілді.

Сөз алған: Оразғали Бақтыгүл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ұсынылған жұмыс жоспарын қолдап, оқу жылы бойы жоспарланған іс-шараларды сапалы әрі уақытылы орындау қажеттігін айтты.

Шешімі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жоспарланған іс-шаралардың орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.

II. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамын таныстырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Қамқоршылық кеңесінің қызметін реттейтін ережесінің негізгі талаптарына тоқталды. Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, жұмыс тәртібі, кеңес мүшелерінің жауапкершілігі және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру бағыттары түсіндірілді.

Сөз алған: Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері кеңес құрамын қолдап, алдағы оқу жылында белсенді жұмыс атқаруға дайын екендіктерін білдірді.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін.
2. Кеңес мүшелері Қамқоршылық кеңесі туралы ережені басшылыққа алсын.

III. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова балабақша қызметін дамыту мақсатында бюджеттік емес қаржы көздерін тарту мәселесі бойынша баяндама жасады. Демеушілік көмекті заңнама талаптарына сәйкес тарту, ерікті қайырымдылық қолдауын ұйымдастыру және материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Барлық қаржылық жұмыстардың ашықтық, жариялылық және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес жүргізілетіні айтылды.

Сөз алған: Алишева Ғалия Уралқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері демеушілермен өзара ынтымақтастықты дамыту және балабақшаның материалдық базасын жақсарту бағытындағы жұмыстарды қолдайтындарын білдірді.

Шешімі:

1. Бюджеттік емес қаржы көздерін тарту жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүргізілсін.
2. Демеушілік және қайырымдылық көмекті тарту барысында ашықтық пен жариялылық қамтамасыз етілсін.

IV. Тыңдалды: әдіскер А.С.Балжанова әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес және көпбалалы отбасылармен жүргізілетін жұмыстар туралы хабарлама жасады. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің тізімі нақтыланып, олардың тұрмыстық жағдайына мониторинг жүргізу, ата-аналарға кеңес беру және қажетті әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Сөз алған: Ибрашева Нұрбина Марксызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылармен жұмысты тұрақты жүргізіп, түрлі қайырымдылық және қолдау акцияларын ұйымдастыруды ұсынды.

Шешімі:

1. Әлеуметтік жағдайы төмен, толық емес және көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізілсін.
2. Қажетті әлеуметтік көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

V. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова 2025–2026 оқу жылының қысқы кезеңіне дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. Жылу жүйесінің дайындығы, ғимараттың техникалық жағдайы, қыс мезгіліндегі қауіпсіздік талаптарының сақталуы, аумақты қардан тазарту, өрт қауіпсіздігі, электр жүйесінің жарамдылығы және қысқы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат берді.

Сөз алған: Жанғазы Диана Рүстемқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қысқы кезеңге дайындық жұмыстарына оң баға беріп, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

Шешімі:

1. Балабақшаның қысқы кезеңге дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қыс мезгілінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауға алынсын.
3. Жылу беру, өрт және электр қауіпсіздігі талаптарының сақталуы күшейтілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы
Қамқоршылық кеңесінің №2 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 16.12.2025 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмек беруді ұйымдастыру.
2. Балабақшада ертеңгіліктерді өткізуге, қайырымдылық шараларын және атаулы мерекелерді ұйымдастыруға көмек көрсету.
3. Балабақшаның жер учаскесіне көшеттер отырғызу, аумақты көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына жәрдемдесу.

I. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық базаны жетілдірудің маңыздылығы айтылды. Топ бөлмелерін қажетті оқу-ойын құралдарымен толықтыру, жиһаздар мен жұмсақ мүкәммалды жаңарту, қауіпсіздік талаптарына сәйкес құрал-жабдықтарды күтіп ұстау және демеушілік көмек тарту мәселелері қарастырылды.

Сөз алған:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында ата-аналар қауымы мен демеушілердің қолдауын ұйымдастыру жөнінде өз ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Демеушілік және ерікті қайырымдылық көмегін тарту жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.

II. Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы балабақшада өткізілетін ертеңгіліктерді, мәдени-көпшілік іс-шараларды және қайырымдылық акцияларын ұйымдастыруға көрсетілетін қолдау туралы баяндама жасады.

Оқу жылы барысында өткізілетін Жаңа жыл мерекесі, ұлттық және мемлекеттік мерекелер, спорттық және тәрбиелік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары мен отбасылық жобаларды ұйымдастыруда Қамқоршылық кеңесінің белсенді қатысуының маңыздылығы атап өтілді.

Сөз алған: Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді қатысуға дайын екендіктерін білдіріп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жобаларды қолдау жөнінде ұсыныстар айтты.

Шешімі:

1. Мерекелік іс-шаралар мен ертеңгіліктерді ұйымдастыруға Қамқоршылық кеңесінің қолдауы қамтамасыз етілсін.
2. Қайырымдылық және әлеуметтік қолдау акциялары оқу жылы бойы жүйелі түрде өткізілсін.
3. Ата-аналардың бөбекжай өміріне белсенді қатысуына жағдай жасалсын.

III. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары туралы баяндама жасады. Көктемгі және күзгі абаттандыру жұмыстарының жоспары, ағаш және гүл көшеттерін отырғызу, гүлзарларды күтіп-баптау, ойын алаңдарын жөндеу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар таныстырылды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне сенбіліктер мен көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысу ұсынылды.

Сөз алған: Алишева Ғалия Уралқызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері балабақша аумағын көркейту жұмыстарына ата-аналарды кеңінен тарту және ортақ сенбіліктер ұйымдастыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Көшеттер отырғызу және аумақты көркейту жұмыстарына Қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар белсенді қатыстырылсын.
3. Балалардың қауіпсіз ойын алаңдарын күтіп ұстау және жөндеу жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 21.05.2026 жыл

Қатысқандар:

«Alinur» балабақшасының меңгерушісі

А.Б.Аралова

Әдіскер А.С.Балжанова

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Тлеугабылова Аида Темирболатовна

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Оразғали Бақтыгүл

Ибрашева Нұрбина Марксқызы

Жанғазы Диана Рүстемқызы

Мұратова Аида Мәлікқызы

Алишева Ғалия Уралқызы

Газизова Ақнұр Таңбайқызы

Күн тәртібі:

1. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.
2. Балабақшаның жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындығы (топтарды жөндеу, сырлау, безендіру).
3. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмысына қорытынды жасау.

I. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселесі бойынша баяндама жасады. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспармен таныстырып, балалардың денсаулығын нығайтуға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларға тоқталды. Жаз мезгілінде таза ауада өткізілетін спорттық ойындар, шынықтыру жаттығулары, шығармашылық және танымдық іс-шаралар, экологиялық акциялар мен мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылатыны айтылды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау және санитариялық талаптарды орындау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сөз алған: Оразғали Бақтыгүл

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналарды жазғы іс-шараларға белсенді тарту жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Шешімі:

1. Балалардың жазғы демалысы мен сауықтыру іс-шаралары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі тұрақты бақылауда болсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналар қауымы белсенді тартылсын.

II. Тыңдалды: меңгеруші А.Б.Аралова бөбекжайдың жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындығы туралы баяндама жасады. Баяндама барысында топ бөлмелерін ағымдағы жөндеуден өткізу, сырлау, безендіру, жиһаздар мен ойын құралдарын жаңарту, аумақты абаттандыру, инженерлік жүйелердің дайындығы және материалдық-техникалық базаны жетілдіру бойынша жоспарланған жұмыстар таныстырылды.

Сөз алған: Ибрашева Нұрбина Марксызы

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын уақытылы аяқтау және ата-аналарды сенбіліктер мен абаттандыру жұмыстарына тарту жөнінде ұсыныстар айтты.

Шешімі:

1. Жаңа 2026–2027 оқу жылына дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілсін.
2. Топ бөлмелерін жөндеу, сырлау және безендіру жұмыстары белгіленген мерзімде аяқталсын.
3. Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жалғастырылсын.

III. Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.Т.Тлеугабылова 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары туралы қорытынды есеп ұсынды. Есеп барысында оқу жылы ішінде өткізілген отырыстардың шешімдерінің орындалуы, ата-аналармен жүргізілген бірлескен жұмыстар, қайырымдылық акциялары, материалдық-техникалық базаны нығайтуға көрсетілген қолдау, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және балабақша аумағын абаттандыру бағытындағы жұмыстардың нәтижелері баяндалды. Кеңес мүшелері Қамқоршылық кеңесінің жұмысына оң баға беріп, алдағы оқу жылында ата-аналармен өзара ынтымақтастықты одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңесінің тиімді жұмыс тәжірибесі келесі оқу жылында жалғастырылсын.
4. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



А.Т.Тлеугабылова

А.С.Балжанова